



# **СБЕРБАНК**

**«РЕСЕЙ ЖИНАҚ БАНКІ»**

**АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЕНШІЛЕС БАНКІНІҢ**

**(«ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ)**

**ҮШІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
АЯСЫНДАҒЫ**

**50 000 000 000 теңге СОМАСЫНДАҒЫ**

**САНЫ 50 000 000 000 дана**

**АТАУЛЫ КУПОНДЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРЫЛМАҒАН  
ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНЫҢ БІРІНШІ  
ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ**

# **ПРОСПЕКТИ**

Уәкілетті органның облигация шығарылымын мемлекеттік тіркеуі проспектіде сипатталған облигацияларды алуға қатысты инвесторларға қандай да бір нұсқау беруді білдірмейді. Облигация шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжатта көрсетілген ақпараттың дұрыстығы үшін жауап бермейді. Облигацияларды шығару проспектісі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сай келуі тұрғысынан ғана қарастырылған. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектіде көрсетілген ақпараттың дұрыстығына жауап береді және онда көрсетілген барлық мәліметтердің дұрыс екендігін және эмитент пен оның облигацияларына қатысты инвесторларда жаңсақ пікір туғызбайтынын растайды.

Алматы қ.  
2015 ж.

1. Осы облигациялар шығарылымы «Ресей Жинақ банкі» Акционерлік қоғамы еншілес банкінің (бұдан әрі - «Жинақ банкі» АҚ ЕБ) Үшінші облигациялық бағдарламасы проспектіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ облигациялық бағдарламасы туралы мәліметтер:

Үшінші облигациялық бағдарлама мемлекеттік тіркеуге қойылған күн	2013 жылғы 13 мамыр, № Е48
Облигация шығару жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай көлемі:	500 000 000 000 (бес жүз миллиард) теңге
Облигация шығарылымының реттік нөмірі:	1 (бірінші)
Үшінші облигациялық бағдарламаның аясында бұрынғы облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер (шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні, облигациялардың саны, шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі және осы облигациялық бағдарлама аясында әр шығарылым бойынша жеке орналастырылған облигациялар саны көрсетіледі):	Облигациялардың осы шығарылымы Үшінші облигациялық бағдарламаның аясында бірінші болып есептеледі.
Облигациялық бағдарлама аясында бұрын шығарылған облигациялар бойынша олардың ұстаушыларына беретін құқықтар, оған қоса шектеулерді (ковенант) бұзған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалып, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетілген, бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында қарастырылған құқықтар.	<p>Үшінші облигациялық бағдарлама аясында облигациялардың тіркелген шығарылымдары жоқ. Бұрын шығарылған облигациялар бойынша облигация ұстаушылары төмендегідей құқықтарға ие:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Облигацияларды өтеу күнінің басталуына қарай оларға тиесілі облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;</li> <li>- Шығарылым талаптарына сәйкес, купондық сыйақы төлеу күнінің басталуына қарай купондық сыйақы алу құқығы;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасы мен шығарылым талаптарына сәйкес, оларға тиесілі облигацияларды еркін билеу құқығы;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасы мен шығарылым талаптарына сәйкес, облигацияларды меншіктену құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.</li> </ul> <p>Банктің бұрын шығарылған бағалы қағаздары шегінде ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында қабылданған шектеулер бұзылмаған.</p>

3. Үшінші облигациялық бағдарламаның аясындағы облигациялардың қамсыздандырылмаған бірінші шығарылымының құрылымы:

1)	Облигациялардың түрі:	Атаулы, купондық, қамсыздандырылмаған
2)	Шығарылатын облигациялардың саны:	50 000 000 000 (елу миллиард) дана
	Облигация шығарылымының жалпы көлемі:	50 000 000 000 (елу миллиард) теңге
3)	Бір облигацияның номиналды құны:	1,0 (бір) теңге
4)	Облигациялар бойынша сыйақы:	
	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:	Облигациялар бойынша сыйақы (купон) мөлшерлемесі облигациялардың айналым мерзімі бойы белгіленген деп есептеледі және бір облигацияның номиналды құнының жылдық 8,0% (сегіз пайыз) құрайды.
	Сыйақы төлеу тәртібі және талаптары:	Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу айналым басталған күннен бастап жүзеге асырылады. Облигациялардың айналымы басталған күн осы Облигациялар шығарылымының проспектіне сәйкес, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның сауда жүйесінде Бірінші рет аукцион өткен күн. Эмитент Бірінші рет өткен аукционның қорытындысы бойынша анықталған Облигациялардың айналымы басталған күн туралы ақпаратты Эмитенттің <a href="http://www.sberbank.kz">http://www.sberbank.kz</a> корпоративтік веб-сайтында және <a href="http://www.kase.kz">http://www.kase.kz</a> адресі бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның интернет-ресурсында жариялайды.
	Сыйақы төлеу кезеңділігі және күні:	Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу жыл сайын айналым басталған күннен бастап өтеу мерзіміне дейін, әрбір алты айдан соң жылына екі рет жүргізіледі.
	Сыйақы төлеу тәртібі және талаптары (егер инвестор Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, төлем валютасы және айырбастау бағамы көрсетіледі):	Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу купондық сыйақыны төлеу үшін реестрді тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде ақшаны облигация ұстаушыларының ағымдағы есепшоттарына аудару арқылы теңгеде төленеді. Реестр тіркелген күн – төлем жасалатын кезеңнің соңғы күні. Облигациялар бойынша купондық сыйақыны алу құқығына төлем жасалып жатқан кезеңнің соңғы күні басталғандағы жағдай бойынша (бағалы қағаздар ұстаушыларының реестр жүйесін жүргізетін тіркеушінің орналасқан жерінің уақыты бойынша) облигация ұстаушыларының реестріне тіркелген тұлғалар ие болады. Егер облигация ұстаушылары Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, онда купондық сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған кезде теңгеде жүргізіледі. Теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордан тиісті сұранымды алған кезде осы төлем жасалатын күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі белгілеген бағам

		бойынша жүргізілуі мүмкін. Теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.
	Сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт аралығы:	Эмитент Облигациялар бойынша купондық сыйақы есебін «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес, 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақытша база есебінен жүргізеді.
	Индекстелген облигацияларды шығару кезінде есеп айырысу тәртібі:	Облигациялардың осы шығарылымы индекстелмейді.
	Егер сыйақы мөлшерлемесі белгіленген болмаса, онда оның мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі:	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялардың айналым мерзімі бойы белгіленген деп есептеледі.
5)	Облигациялардың айналымы және өтелуі туралы мәліметтер:	
	Облигациялардың айналым мерзімі:	Облигациялардың айналым мерзімі басталған күннен бастап 10 (он) жыл
	Облигациялардың айналымы жоспарланып отырған нарық:	Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығы
	Облигациялардың айналымы басталған күн:	Облигациялардың айналымы басталған күн осы Облигациялар шығарылымының проспектіне сәйкес, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның сауда жүйесінде Бірінші рет аукцион өткен күн. Эмитент Бірінші рет өткен аукционның қорытындысы бойынша анықталған Облигациялардың айналымы басталған күн туралы ақпаратты Эмитенттің <a href="http://www.sberbank.kz">http://www.sberbank.kz</a> корпоративтік веб-сайтында және <a href="http://www.kase.kz">http://www.kase.kz</a> адресі бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның интернет-ресурсында жариялайды.
	Облигацияларды өтеу талаптары:	Облигациялар номиналдық құны бойынша сол үшін төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен басталатын жағдай бойынша облигация ұстаушыларының реестрінде тіркелген облигация ұстаушыларының ағымдағы шотына ақшаны Облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі 10 күнтізбелік күннің ішінде аудару арқылы, соңғы купондық сыйақы бір мезгілде төлене отырып, теңгеде өтеледі. Егер инвестор Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, негізгі қарыз бен соңғы купондық сыйақы сомасы Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған кезде теңгеде төленетін болады. Теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордан тиісті сұранымды алған кезде осы төлем жасалатын күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізілуі мүмкін. Теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі. Эмитенттің кінәсінен облигациялар және облигациялардың оларды өтеу кезіндегі номиналдық құны бойынша сыйақысы төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда, Эмитент облигация ұстаушыларына облигациялар бойынша негізгі қарыз және/немесе купондық сыйақы сомасын және мерзімі өткен әр күн үшін Қазақстан Республикасы

		Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі нақты орындалатын күнге белгіленетін қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесіне байланысты есептелетін өсімақыны төлеуге міндетті.
	Облигацияларды өтеу жүргізілетін орын:	Облигацияларды өтеу Эмитенттің мекенжайы бойынша жүргізіледі: «Жинақ банкі» АҚ ЕБ, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 13/1, "Нұрлы Тау" ПФО, 3 "В" блок
	Облигацияларды өтеу әдісі:	Негізгі қарыз бен соңғы сыйақы сомасын өтеу сол үшін төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен басталатын жағдай бойынша облигация ұстаушыларының реестрінде тіркелген облигация ұстаушыларының банктік шоттарына ақшаны аудару арқылы жүргізіледі.
6)	Облигациялар бойынша қамсыздандыру:	Облигациялардың осы шығарылымы қамсыздандырылмаған.
7)	Облигация ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, байланыс телефондары, облигация ұстаушылары өкілінің қызмет көрсетуі туралы шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі):	«Сентрас Секьюритиз» АҚ, орналасқан жері: Алматы қ., Манас көш., 32А, телефоны: (727) 259-88-77, факс: (727) 259-88-87. Басқарма төрағасы Талгат Каирбекович Камаров. 2015 жылғы 05 наурыздағы № 0045332/02.2015 Облигация ұстаушылары өкілінің қызмет көрсетуі туралы шарт.
	Тіркеуші туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, байланыс телефондары, бағалы қағаздар ұстаушыларының реестр жүйесін жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі):	«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ, орналасқан жері: Алматы қ., Сәтбаев көш., 30А/3 үй, телефоны +7 (727) 272 47 60, +7(727) 272 47 66. Басқарма төрағасы Бекболат Сабитович Хамитов. 2012 жылғы 27 қыркүйектегі №00123-АО Бағалы қағаздар ұстаушыларының реестр жүйесін жүргізу шарты.
	Облигациялар орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер:	Эмитент Облигацияларды өз алдына орналастырады.
	Төлем агенті туралы мәліметтер:	Эмитент Облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі қарызды өз алдына төлейді.
8)	Облигация ұстаушыларының құқықтары	Облигация ұстаушылары: - облигацияны өтеген кезде номиналды құнын алуға; - Эмитенттен осы Облигациялар шығарылымының проспектіде қарастырылған мерзімде облигациялар бойынша купондық сыйақыны алуға; - облигацияларды еркін сатуға және басқа түрде иелігінен шығаруға; - заңнамада және осы Облигациялар шығарылымының проспектіде қарастырылған тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыруға; - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған ақпаратты белгіленген тәртіпте алуға; - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайда және тәртіпте Эмитентке қойған өз талаптарын қанағаттандыруға; - облигацияларды иеленуге, билеуге және пайдалануға құқылы. Облигациялардың осы шығарылымын сатып алуды талап ету құқығы, Эмитент осы Облигациялар

		шығарылымының проспектіңде қарастырылған өзінің міндеттемелерін сақтаған кезде, қарастырылмаған.
	Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы (егер осы құқық Эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімінде қарастырылса):	<p>Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Облигациялардың барлық айналым мерзімі ішінде жиналып қалған сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, Облигацияларды мерзімінен бұрын толық көлемде өтеуге құқылы.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу күнінен бастап кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу тәртібі, талаптары мен мерзімі туралы мәліметтерді Эмитенттің <a href="http://www.sberbank.kz">http://www.sberbank.kz</a> корпоративтік веб-сайтында және <a href="http://www.kase.kz">http://www.kase.kz</a> адресі бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның интернет-ресурсында, <a href="http://www.dfo.kz">http://www.dfo.kz</a> Қаржылық есептілік депозитарийде және «Казахстанская правда» мен «Егемен Қазақстан» газеттерінде жариялау арқылы облигация ұстаушысына хабарлайды.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу соңғы жиналып қалған сыйақы бір мезгілде төлене отырып, Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде номиналды құны бойынша жүргізіледі.</p> <p>Облигациялар мерзімінен бұрын өтелген кезде номиналды құнын және соңғы сыйақыны алу құқығы Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу күні басталар алдындағы күнде басталған жағдай бойынша облигация ұстаушылары реестрінде тіркелген тұлғаға беріледі.</p> <p>Егер облигация ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу Қазақстан Республикасының аумағында облигация ұстаушысының банктік шоты болған кезде теңгеде жүргізілетін болады. Облигациялар мерзімінен бұрын өтелген кезде теңгені басқа валютаға (АҚШ доллары немесе еуро ғана) айырбастауға, Эмитент Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей облигация ұстаушысы - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтінішті алған жағдайда рұқсат етіледі. Көрсетілген айырбастау осы төлем жасалатын күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізіледі. Теңгені басқа валютаға (АҚШ доллары немесе еуро ғана) айырбастау облигация ұстаушысы - Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізіледі.</p>



		Облигация ұстаушысы - Қазақстан Республикасының бейрезидентінің пайдасына Облигациялар бойынша төлем жасаған кезде теңгені басқа валютаға айырбастауға рұқсат етілмейді.
9)	Эмитенттің облигация ұстаушыларына өзінің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпаратты, осындай ақпаратты жария ету тәртібі, мерзімдері мен тәсілін көрсете отырып ұсыну, оның ішінде облигациялар шағырылымының проспектіде қарастырылған шектеулердің (ковенант) бұзылуы туралы ақпарат беру тәртібі:	Эмитент өзінің инвесторларына өзінің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпаратты келесі бұқаралық ақпарат құралдарында: «Қазақстанская правда» және/немесе «Егемен Қазақстан» газеттерінде жариялау арқылы жеткізеді. Бұдан басқа, Эмитент осы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпке және мерзімге сәйкес <a href="http://www.sberbank.kz">http://www.sberbank.kz</a> адресі бойынша ғаламтор желісіндегі өзінің корпоративтік сайтында, және де <a href="http://www.kase.kz">http://www.kase.kz</a> адресі бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми сайтында, <a href="http://www.dfo.kz">http://www.dfo.kz</a> Қаржылық есептілік депозитарийде орналастырады.
10)	Олар басталған кезде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар:	Олар басталған кезде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдай: <ul style="list-style-type: none"> <li>• облигациялар бойынша төлем міндеттемелерінің орындалмауы: Эмитенттің облигациялар бойынша негізгі қарыз және (немесе) сыйақы сомасын осы Облигациялар шығарылымының проспектіде белгіленген негізгі қарызды және (немесе) сыйақыны төлеу мерзімі біткен күннен кейінгі күннен бастап төлеу міндеттемесінің орындалмауы немесе тиісті орындалмауы.</li> <li>• шектеулердің (ковенант) бұзылуы Эмитенттің осы Облигациялар шығарылымы проспектінің 3-2 т. қарастырылған Облигациялар бойынша белгіленген кез келген шектеулерді (ковенант) орындамауы немесе басқа түрде бұзуы</li> </ul>
	Эмитенттің облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда қолданатын шаралар, облигациялар бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті орындалмаған кезде облигация ұстаушыларының құқықтарын қорғау процедурасы, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымтастыру тәртібі мен талаптары	Эмитенттің кінәсінен осы Облигациялар шығарылымының проспектіде белгіленген мерзімде облигациялар бойынша купондық сыйақы және/немесе негізгі қарыз төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент ақшалай міндеттемені немесе оның бір бөлігін орындауға сол үшін төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің есебінен есептелетін мерзімі кешіктірілген әр күн үшін облигация ұстаушыларына өсімпұл төлейді. Инвестор облигациялар бойынша дефолт басталған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, осы облигациялар бойынша қарызды талап етуге құқылы. Эмитент өзінің міндеттемелері бойынша дефолтқа жол бермеу мақсатында, барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады және бүкіл қажетті шараларды қабылдайды. Эмитент облигациялар бойынша

		<p>дефолт басталған кезде дефолт тудыратын себептерді жою үшін бар күшін салады, оның ішінде, төмендегідей шаралар қабылдайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) болған жағдайда өтімділікті тиімді басқару бойынша;</li> <li>2) депозиттердің жылыстауына жол бермеу бойынша;</li> <li>3) берілген несиелердің қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында кредиттік портфельді оңтайландыру бойынша;</li> <li>4) берілген несиелердің қайтарылуын қамтамасыз етуге байланысты іс-шараларды орындау бойынша;</li> <li>5) басталған оқиғаларға байланысты басқа да шаралар.</li> </ol> <p>Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде облигация ұстаушыларының өкілдеріне хабарлау, сонымен қатар, Эмитенттің <a href="http://www.sberbank.kz">http://www.sberbank.kz</a> корпоративтік веб-сайтында және <a href="http://www.kase.kz">http://www.kase.kz</a> адресі бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның интернет-ресурстарында, <a href="http://www.dfo.kz">http://www.dfo.kz</a> Қаржылық есептілік депозитарийде орналастыру арқылы дефолт жағдайының басталу дерегі туралы мәлімдейді, бұл келесідей ақпараттан тұруы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• дефолт жағдайының басталу дерегі туралы ақпарат;</li> <li>• дефолт басталған күнгі Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себептері, сонымен қатар, облигация ұстаушыларының Эмитентке талап қою тәртібі мен мерзімін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыра алатын әрекеттерді көрсету;</li> <li>• Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелері орындалмаған немесе тиісті орындалмаған кезде Эмитент қабылдаған шаралар;</li> <li>• облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісті орындалмаған кезде облигация ұстаушыларының құқықтарын қорғау процедурасы, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымтастыру тәртібі мен талаптары;</li> <li>• Эмитенттің шешімі бойынша басқа да ақпарат.</li> </ul> <p>Эмитент дефолт жағдайы басталған кезде облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында дефолт жағдайының болуына себептерді жою жөніндегі іс-шаралар Жоспарын әзірлейді және Эмитенттің тиісті органында бекітеді.</p>
	<p>Міндеттемелерді қайта құрылымдастыру тәртібі және талаптары</p>	<p>Эмитенттің Директорлар кеңесі Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдастыру туралы және кредиторлардың келісімімен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына</p>



		сәйкес шешім қабылдайды. Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда, Эмитент облигация ұстаушылармен міндеттемелерді қайта құрылымдастыру тәртібін және талаптарын облигация ұстаушы өкілінің міндетті түрде қатысуымен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі.
11)	Эмитенттен облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы	<p>Облигация ұстаушылары Эмитенттен, егер ол Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу мерзімін осы Облигациялар шығарылымының проспектіңде белгіленген Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу мерзімі аяқталғаннан кейінгі күннен бастап 10 жұмыс күнінен астам мерзімге бұзған жағдайда, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқылы.</p> <p>Эмитент Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу мерзімін 10 (он) жұмыс күнінен астам мерзімге бұзған жағдайда, инвестор көрсетілген жағдай басталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Эмитенттің атына оған тиесілі облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы жазбаша өтініш жібереді.</p> <p>Эмитент облигация ұстаушыларының өтініштерін оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарастырады. Эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мерзімі және тәртібі туралы тиісті шешім қабылдаған соң жүзеге асырады. Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі облигация ұстаушыларына ол қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Эмитенттің <a href="http://www.sberbank.kz">http://www.sberbank.kz</a> корпоративтік сайтында, басқа бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және <a href="http://www.kase.kz">http://www.kase.kz</a> адресі бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми сайтында, <a href="http://www.dfo.kz">http://www.dfo.kz</a> Қаржылық есептілік депозитарийде ақпаратты орналастыру арқылы жеткізіледі.</p>
12)	Эмитенттің бастамасымен облигацияларды төлеп алу:	<p>Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, облигациялар айналымға түскен барлық мерзім ішінде өз облигацияларын ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта төлеп алуға құқылы.</p> <p>Облигацияларды төлеп алу бағасын Эмитент анықтайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәміле жасалған кезде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да мәміле жасалған күні болған нарық құнына қарай;</li> <li>- бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мәміле жасалған кезде мәміле тараптарының келісімі бойынша.</li> </ul> <p>Төлеп алынған облигациялар өтелді деп есептелмейді және Эмитент қайта орналастыруы мүмкін.</p>

	<p>Эмитенттің орналастырылған облигацияларды 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-4 бабында қарастырылған жағдайда төлеп алу тәртібі</p>	<p>Эмитенттің облигацияларды төлеп алуы Облигациялары төленіп алынатын облигация ұстаушыларының құқықтарын бұзбауы тиіс. Эмитент орналастырылған (төлеп алынғанын шегергенде) облигациялардың саны туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның листингтік қағидаларына сәйкес береді.</p> <p>Эмитент орналастырылған облигацияларды келесі жағдайларда төлеп алуы тиіс:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаса;</li> <li>2) қор биржасы арнайы (листинг) талаптардың қор биржасына ақпарат беру бөлігіне қатысты орындалмау себебі бойынша Эмитент Облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаса, оның тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында анықталады;</li> <li>3) Эмитент облигация ұстаушының бұрынғы өкілімен жасалған шартты бұзған немесе күшін тоқтатқан күннен бастап отыз күнтізбелік күннен асатын мерзімде облигация ұстаушының өкілімен шарт жасамаса;</li> <li>4) осы Облигация шығарылымы проспектінің 3-2 тармағында көрсетілген белгіленген шектеулер (ковенанттар) бұзылса.</li> </ol> <p>Көрсетілген жағдайлар басталған кезде, Эмитент орналастырылған Облигацияларды жиналып қалған сыйақыны есептегенде Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша, немесе облигациялар қандай көлемінің барынша көп болуына қарай, әділ нарық бағасы бойынша төлеп алуға міндетті.</p>
13)	<p>Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану:</p>	<p><u>Мақсаты:</u> Облигациялар Эмитенттің ұзақ мерзімді өтімділікті қолдау үшін ресурстарды ұзақ мерзімге тарту мақсатында шығарылады.</p> <p><u>Тәртібі:</u> Облигация орналастырудан алынған ақша нақты экономика секторының шағын және орта бизнесті кредиттеу, ірі кәсіпорындарды кредиттеу, сонымен қатар, кредиттеу бағдарламасын іске асыру арқылы инвестициялық жобаларды ұзақ мерзімді кредиттеу, және Эмитент ұсынатын қызмет ауқымын кеңейту саласындағы Эмитенттің қызметін жандандыруға жұмсалатын болады, бұл белсенді операциялар, сондай-ақ қор көздері ретінде барынша түрлендіруге мүмкіндік береді.</p> <p>Эмитент облигация орналастырудан алынған ақшаны бөлу тәртібіне өзгеріс енгізуді жоспарлаған жоқ.</p>
3-1.	<p>Эмитенттің сыйақы төлеу және негізгі қарыз сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көздері мен ағыстарын</p>	<p>Есептер осы Облигациялар шығарылымы проспектінің №1 Қосымшасында келтірілген.</p>

	<p>облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақы төленетін әр кезең тұрғысында болжау.</p>	
<p>3-2.</p>	<p>Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар) (егер бұл Эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімінде қарастырылса).</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– облигациялардың қандай да бір шығарылымына қатысты кез келген сыйақыны төлеу міндеттемесінің, сол бойынша төлем мерзімі басталған кезде 10 (он) жұмыс күнінен астам орындалмауына жол бермеу;</li> <li>– Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есеп беру мерзімінің бұзылуына жол бермеу;</li> <li>– Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есеп бойынша аудиторлық есебінің берілу мерзімінің бұзылуына жол бермеу, бұған аудиторлық компания кінәлі болғандықтан аудиторлық есеп беру мерзімінің бұзылу себебі қосылмайды.</li> </ul> <p>Бір немесе бірнеше ковенант бұзылған жағдайда, Эмитент 10 (он) жұмыс күні ішінде барлық облигация ұстаушыларын осы жағдайдың немесе жағдайлардың басталғаны туралы Эмитенттің ішкі ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ қағидаларында белгіленген тәртіпте Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми сайттарында ақпарат орналастыру арқылы жазбаша хабарлайды.</p> <p>Эмитент облигация ұстаушылары құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, белгіленген ковенанттардың бұзылуына әкеп соқтырған себептерді жою жөніндегі іс-шаралар Жоспарын әзірлейді және Эмитенттің уәкілетті органының тиісті шешімімен бекітеді. Эмитент бір немесе бірнеше ковенант бұзылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннің ішінде осылай бұзуға әкеп соқтырған себептерді жою үшін ықпал ету шараларын қабылдауға міндетті (<b>«Ковенант мерзімін кейінге қалдыру кезеңі»</b>).</p> <p>Егер Эмитент белгіленген шектеулердің (ковенанттардың) бұзылуын Ковенант мерзімін кейінге қалдыру кезеңінде жоймаса, егер басқасы Эмитент пен облигация ұстаушылар арасында қарастырылмаса, облигация ұстаушылар осындай талап берілген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде айналымдағы барлық Облигациялар бойынша Облигациялар шығарылымы проспектінің тиісті тармағында көрсетілгендей, төлеп алу күні жиналып қалған сыйақыны ескере отырып, облигацияларды номиналды құны бойынша төлеп алуды талап етуге құқылы.</p> <p>Эмитент осы тармақта қарастырылған талаптарды бұзған жағдайда, Эмитент облигация ұстаушылардың талап етуімен облигациялардың жиналып қалған сыйақысын ескере отырып,</p>

		Облигацияларды номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша төлеп алуға міндетті.
4.	Опциондар туралы ақпарат:	Облигациялардың осы шығарылымы бойынша опциондар қарастырылмаған.
5.	Айырбасталатын облигациялар:	Облигациялардың осы шығарылымы айырбасталмайды.
6.	<b>Облигацияларды орналастыру тәсілі:</b>	
6-1.	Облигацияларды орналастыру мерзімі және тәртібі:	Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында барлық айналым мерзімі ішінде орналастырылады. Эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында да, сондай-ақ ұйымдастырылмаған нарығында да айналымға түседі.
6-2.	Акцияға айырбасталатын облигацияларды орналастыру кезінде айырбастау талаптары көрсетіледі:	Облигациялардың осы шығарылымы айырбасталмайды.
6-3.	Облигациялардың төлем тәртібі және талаптары:	Облигациялардың төлемі «Қазақстан қор биржасы» АҚ және «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Облигацияларға қолма-қол ақшасыз төлем жасалады.

**Басқарма Төрағасының орынбасары**



**Л.А. Нурманбетова**

**Бас бухгалтер**

**Н.В. Попова**

3.1. Эмитенттің облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақы төленетін әр кезең тұрғысында сыйақыны төлеу және негізгі қарызды өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көздері мен ағымдарының болжамы.

Болжам Банктің 2015 – 2025 ж.ж. күтіп отырған ақша ағымының негізінде құрылған.

млн.тенге

	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық
	2015 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2025 ж.
БАК	121	121	182	169	254	237	356	332	498	465	697	651	976	911	1 367	1 276	1 503	1 403	1 654	1 543	1 819	1 698
<b>Бағалы қағаздарды орналастыру/өтеу, о.і.</b>	<b>8 848</b>	<b>8 865</b>	<b>8 865</b>	<b>8 865</b>	<b>8 865</b>	<b>33 865</b>	<b>8 015</b>	<b>58 015</b>	<b>6 340</b>	<b>11 340</b>	<b>6 125</b>	<b>36 125</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>105 000</b>
ТХВNB4	225	225	225	225	225	225																
ТХВNB5	198	215	215	215	215	215	215	215	215	215												
ТХВNB6	700	700	700	700	700	700	700	700														
ТХВNB7	625	625	625	625	625	625																
СВЕРb8	975	975	975	975	975	975	975	975														
СВЕРb9	1 125	1 125	1 125	1 125	1 125	1 125	1 125	1 125	1 125	1 125	1 125	1 125										
<b>3-інші обл.бағдарлама шығарылымы</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>	<b>5 000</b>
3-інші обл.бағдарламаның 1 шығарылымы	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500
3-інші обл.бағдарламаның 2 шығарылымы	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500
Реттелген заемды өтеу						25 000			10 000	5 000												
Кредитор (нетто)	5 500	5 500	8 250	7 700	11 550	10 780	16 170	15 092	22 638	21 129	31 693	29 580	44 370	41 412	62 119	57 977	68 331	63 775	75 164	70 153	82 680	77 168
<b>Ақшаның шығуы барлығы</b>	<b>14 469</b>	<b>14 486</b>	<b>17 297</b>	<b>16 734</b>	<b>20 669</b>	<b>69 882</b>	<b>24 541</b>	<b>73 439</b>	<b>39 476</b>	<b>37 934</b>	<b>38 515</b>	<b>66 356</b>	<b>50 347</b>	<b>47 324</b>	<b>68 485</b>	<b>64 253</b>	<b>74 834</b>	<b>70 178</b>	<b>81 817</b>	<b>76 696</b>	<b>89 499</b>	<b>183 866</b>
Депозитер	15 153	15 153	16 669	16 669	18 336	18 336	20 169	20 169	22 186	22 186	24 405	24 405	26 845	26 845	29 530	29 530	41 341	41 341	62 012	62 012	93 018	99 219
БАД					-	-	-	-	167	167	334	334	502	502	669	669	836	836	1 003	1 003	1 170	1 170
Банктің меншік облигацияларын орналастыру		100 000					-	-	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500	2 500
Пайда	4 000	4 000	5 000	5 000	7 000	7 000	9 800	9 800	13 720	13 720	15 092	15 092	16 601	16 601	18 261	18 261	20 087	20 087	22 096	22 096	24 306	24 306
<b>Ақшаның түсі барлығы</b>	<b>19 153</b>	<b>119 153</b>	<b>21 669</b>	<b>21 669</b>	<b>25 336</b>	<b>25 336</b>	<b>29 969</b>	<b>29 969</b>	<b>38 573</b>	<b>38 573</b>	<b>42 331</b>	<b>42 331</b>	<b>46 448</b>	<b>46 448</b>	<b>50 960</b>	<b>50 960</b>	<b>64 765</b>	<b>64 765</b>	<b>87 611</b>	<b>87 611</b>	<b>120 994</b>	<b>127 195</b>
<b>Кәш бастапқы</b>	<b>50 000</b>	<b>54 685</b>	<b>159 352</b>	<b>163 724</b>	<b>168 659</b>	<b>173 325</b>	<b>128 778</b>	<b>134 207</b>	<b>90 737</b>	<b>89 834</b>	<b>90 473</b>	<b>94 289</b>	<b>70 264</b>	<b>66 365</b>	<b>65 489</b>	<b>47 963</b>	<b>34 670</b>	<b>24 601</b>	<b>19 187</b>	<b>24 982</b>	<b>35 897</b>	<b>67 392</b>
<b>Кәш соңғы</b>	<b>54 685</b>	<b>159 352</b>	<b>163 724</b>	<b>168 659</b>	<b>173 325</b>	<b>128 778</b>	<b>134 207</b>	<b>90 737</b>	<b>89 834</b>	<b>90 473</b>	<b>94 289</b>	<b>70 264</b>	<b>66 365</b>	<b>65 489</b>	<b>47 963</b>	<b>34 670</b>	<b>24 601</b>	<b>19 187</b>	<b>24 982</b>	<b>35 897</b>	<b>67 392</b>	<b>10 722</b>

1-а  
80000000



Прошнуровано и пронумеровано на 11 листах.

Заместитель

Председателя Правления Нурманбетова Л.А.

«Қазанстан Республикасының Уәттық Банкі»  
ТІРКЕЛІ  
2015 ж. «06 сәуір»

